Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Ізде де, тап» үстел үсті ойындары<br>Мақсаты: жылдың жекелеген уақыттарына тән белгілерді ажырата білуге машықтану<br>(Қоршаған әлеммен танысу + математика) | салыстыруда, ұқсастықты табужәне бірдей суреттерді таңдау шеберлігін жетілдіру; ойын ережелерін орындау қабілетіне тәрбиелеу.<br>(Қоршаған әлеммен танысу + математика) | + сөйлеуді дамыту) | «Телефон» театрландырылған ойын<br>Мақсаты: қиялды, диалогтық сөйлеуді дамыту.<br>(Шығармашылық + сөйлеуді дамыту) | (Музыка + сөйлеуді дамыту) |
| Ертеңгілік жаттығу | Жаттығулар кешені | Жаттығулар кешені | Жаттығулар кешені | Жаттығулар кешені | Жаттығулар кешені |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | «Жәндіктер» әңгімесі<br>Мақсаты: балалардың жәндіктер туралы түсініктерін жалпылау.<br>(Қоршаған әлеммен танысу) | «Төртінші артық» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: балалардың жәндік туралы білімін бекіту.<br>Жұмбақ шешу. (Көркем әдебиет + Қоршаған әлеммен танысу) | «Сөйлемді аяқта» сөйлеу ойыны<br>Мақсаты: сөздік қорын кеңейту. (Сөйлеуді дамыту) | «Жәндіктер үйі» әңгімесі<br>Мақсаты: жәндіктердің тіршілік ету ортасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>(Қоршаған әлеммен танысу) | «Бұл қандай жәндік?» дидактикалық ойын<br>Мақсаты: жәндіктердің түрін тану және атау.<br>Жәндіктер туралы өлең оқу.<br>(Көркем әдебиет + Қоршаған әлеммен танысу) |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету<br>Тақырыбы:Буындардың орнын анықтау<br>Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат», «Саңырау құлақ», «Алтыбақан» «Жоғалған буын» дидактикалық ойыны<br>*Шарты:*Тәрбиеші бір буын айтады, балалар сол буыннан басталатын бірнеше сөз құрайды.Мысалы: Ал – ал-(ма),ал-(мұрт), ал-(жапқыш), ал-(тын),ал-(маз),Ал- (мас). Ма- Ма-(нас), ма-(рал), ма-(ма). «Ойлап тап» дидактикалық ойыны<br>–Балалар, шеңберге тұрайық. Мен үш буынды сөз айтып, бір балаға допты | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу<br>Тақырыбы:Ас атасы нан<br>Жұмбақ жасыру<br>Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойынында дәні бар.*(Бидай)*<br>Күрең қызыл түсі бар,<br>Тағамдардың асылы.<br>Қуат берер күші бар.*(Таба нан)*<br>Бидай қайда өседі?<br>Бидайдың басында не болады?<br>Тәрбиеші ақын Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Дән» өлеңін оқиды. Сөздік жұмысы:<br>*таба нан* – табада піскен нан<br>*қауызын* – дәннің сыртқы қабығы<br>Өлеңде не туралы айтылады?<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.Нанның дастарқанға келу жолын ретімен әңгімеле. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.<br>Тақырыбы:Суреттердегі заттарды атау<br>Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді?Дауыссыз дыбыстар деген не?<br>Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді?<br>«Сиқырлы сандық» дидактикалық ойын<br>Мақсаты:Балалардың сөздік қорын, фонетика, фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілікпен тез әрекет етуге үйрету.<br>Шарты: Сиқырлы сандық | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері: Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>Тақырыбы:Алғыс айтамыз<br>Балалар, жарты шеңбер болып тұрып, бір-бірімізге жақсы тілектер айтайық.<br>Көңіл күйлерің қалай?<br>Ондай болса, көтеріңкі көңіл күймен іс-әрекетімізді бастайық. Біз алғыс айтып үйренейік.<br>Сөздік жұмысы:<br>*алғыс* – ықылас, ризашылық, | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: Сөздерді буындарға бөлу<br>Тақырыбы:Буынға буын қос<br>«Заттың көпше түрін айт» ойынын балалармен ұйымдастыру.<br>Қыз – қыздар.<br>Сырға– ... *(сырғалар)*<br>Қасық– ... *(қасықтар)*<br>Үй– ... *(үйлер)*<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.<br>Дауысты дыбыстар деген не?<br>Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді?<br>«Жалауша»дидактикалық ойын-жаттығуы<br>Тәрбиеші дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лактырамын, бала допты ұстап алып, үш буынды сөз айтып допты келесі балаға лақтырады, ойынды жалғастырады.Мысалы:(ас+паз+ға, кі+тап+тар, ба+лық+шы, ба+ла+лар). «Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы.*Мақсаты:* басталған буынға буын қосып, сөз құрап, айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Буынның жалғасын тапқан бала жалаушасын көтереді де, буынды жалғайды.<br>Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар.<br>*Ойын шарты:* балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу.Тәрбиеші сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды.*Мысалы: Ай-на, ар-ба, қақ-пақ, ав-тобус, так-си, сөм-ке, те-ре-зе, ком-байн, құй-мақ, қы-занақ, қу-ыс, кү-рек, кү-шік, қор-жын.* Жұмыс дәптерімен жұмыс.Суреттердегі заттарды ата, буынға бөл. Буын санын тиісті цифрмен қос.Суреттердегі заттарды ата, буынға бөл. Бірінші сөздің бірінші буынын екінші сөздің екінші буынымен қос. Қай суреттің аты шықты? Белгіле. *(графикалық жұмыс)* | Нанның түрлерін ата. Бидайдан басқа қандай дәнді дақылды білесің?Егер нан ақ болса, ...<br>*(ақ бидайдан пісірілген)*<br>Егер нан қара болса, ...<br>*(қара бидайдан пісірілген)*<br>Тағы қандай нан болады?<br>Балалар, нан жасау үшін қандай мамандық иелері еңбек етеді? Далада өсетін дәнді дақылдар мен тақтадағы суретке қарап таныстыру. Арпа, бидай, сұлы, жүгері – дәнді дақылдарға жатады.Егістік далада өсетін діктен дәруменге бай,организмге пайдалы. Дәнді дақылдардың барлығынан ұн жасалады.<br>Ұннан әртүрлі нан жасайды, оларды «нан өнімдері» дейді.<br>Ұннан жасалатын өнімдерді не дейміз?Олар несімен пайдалы?<br>Қандай нан түрлерін білесің?<br>Мақалдармен таныстыру<br>Ас атасы – нан. Арпа-бидай ас екен,Алтын-күміс тас екен.<br>Сөйлемді жалғастыр ойыны.<br>Бидайды егіп,күтіп-баптайтын адам-дихан.Піскен бидайды жинайтын техника-комбайн.<br>Бидайдан ұн тартатын жер-диірмен.<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеттері: Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру.<br>Тақырыбы: Заттар тобы.<br>Заттарды санау<br>«Коллекцияны жина» дидактикалық ойыны. | тын ішінен дөңгелекшелерді алып, онда бейнеленген суретті атап,ондағы басқы және соңғы дыбысты атап соңғы дыбыстан келесі сурет басталатындай етіп жұлдызды құртты жалғап байлау немесе құрастыру.<br>«Кім жақсы тыңдайды?» дидактикалық ойыны<br>Екі бала тақтаға шығарылады қолдарына жалауша беріледі, екеуінің есімі қандай дыбыстан басталса балалар сол дыбыстары кездесетін сөздер айтады, өз есімі басталатын дыбысы бар сөз естіген балажалаушасын көтереді.Мысалы: Балалардың есімдері Ерлан, Сымбат. *Ер, кереует, сыпырғы, қасық, Ер Төстік, текемет, асаба, сабын, сыбызғы, сырқат, кесе, серуен, есек, етікші т.б.*<br>Жарайсыңдар, балалар!<br>Сендердің есімдерің дауысты дыбыстан басталама, дауыссыз дыбыстан басталып тұр ма?<br>Тәрбиеші тақтаға шыққысы келген балаларды шақырады да, қалған балаларға сөз ойлап отыруға тапсырма береді.Жұмыс дәптерімен жұмыс.Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді көк қоржынмен қос.Суреттердегі заттардың атын қосып, сөз құра. Жаңа сөзді тиісті | жақсы тілек<br>*ризашылық* – риза болу, жақсылықты бағалау<br>Сендерге кім алғыс, жақсы тілектер айтады?<br>Ана – ең жақын мейірімді жан. Аналарыңның бойындағы жақсы қасиеттерді айтыңдаршы.Сендер автобуста үлкендерге орын бергенде, ол кісі не айтады?<br>«Рақмет» сөзі саған деген алғысын білдіреді.Тәрбиеші алдын ала дайындаған суреттерді тақтаға іледі.<br>Суреттегі балаларға ат қойыңдар. «Алғыс» туралы әңгіме құраймыз. Мен бастап беремін, сендер жалғастырасыңдар.Қасым мен Хасен анасымен бірге автобусқа мінді. Автобуста адам көп еді.Бос орын табыла қоймады. Сығылыса келе Қасым мен Хасен бір әжейдің жанына отырды. Анасы тұрып қалды. Анасының тұрғанын көріп олар:<br>Анашым, мұнда отырыңыз, біз түрегеп тұрамыз, – деді. Анасы жай ғана езу тартып күліп:Отыра беріңдер, құлындарым, – деді. Әжей: Қандай тәрбиелі балалар, – деп ризашылығын білдірді. Автобустан түскесін анасы Қасым мен Хасенге алғыс айтты... Әңгімені жалғастырыңдар.<br>Сендер қандай жағдайда | Тәрбиеші балаларға қолдарын иектерінің астына жақындатып келесі сөздерді қайталауларын сұрайды. Барабан, жапырақ, домбыра, саңырауқұлақ.<br>–Балалар, дауысты дыбыстарды айтқанда аузымыз кеңірек ашылып, иегіміз қолымызға тиді, неше рет тиді санайық, қанша рет тисе сөзде сонша дауысты дыбыс бар, яғни сонша буын бар.Балалар сөздерде неше буын барын қолдарын иектеріне қойып анықтайды.<br>Биле, биле, балақай<br>Бір, екі, үш, төрт<br>Ән менен би сегіз.<br>Біз билейміз күш көп.<br>Қолдармен биле, аяқты серме.<br>Бес, алты, жеті, сегіз<br>Билейік айнала,<br>бос тұрма қайтала!<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>Суреттегі заттарды ата. Оларды буынға бөліп, буын санын анықта. Әр сөздің бірінші буынын қосып, сөз құра. Шыққан сөзді сәйкес суретпен қос. Суреттегі сөйлеу мүшелерінің қайсысы дауыссыз дыбыстарды айтқанда кедергі келтіреді. Белгіле.Штрихта.<br>Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Штрихта.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеттері: Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.<br>Тақырыбы: Заттар тобы. Заттарды санау<br>«Сандық эстафета» дидактикалық ойыны.<br>Балалар екі команда болып, бағанға бөлінеді.Тәрбиеші №3 парақтан 1-ден 10-ға дейінгі цифрлармен карточкалар дайындайды. Әр бала карточканы қораптан алып, оны командаға қайтарып, содан кейін келесі балаға беруі керек. Барлық 10 карточканы бірінші болып әкелетін команда жеңіске жетеді. Содан кейін топтағы балалар цифрлары бар әр карточканың жанына бірдей заттарды қояды. Тақтадағы заттарды бір-біріне орналастыру арқылы салыстыруды ұсынады. «Кім жұпсыз қалды?» ойын жаттығуы. Тәрбиеші шұлық, қолғап, аяқкиім сияқты заттар (суреттердің) жиынтығын үстелге қояды, әр затқа жұп табуды сұрайды.Қандай зат жұпсыз қалды? Неге?Содан кейін ол 5 шаршы мен 7 дөңгелекті шығарып қояды. Тәрбиеші«дөңгелек-шаршы» деп жұп құруды | Тәрбиеші балалардан белгілі бір заттарды (мысалы, 5 текше) тауып, оларды бір-біріне орналастырып қоюды сұрайды. Ол заттардың басқа санын (мысалы, 7 текше) тауып, оларды бірінші заттардың жанына орналастыруды ұсынады. Содан кейін балалар жұп заттарды бір-біріне орналастырады. Олар неше жұп зат құрады? Олар мұны қалай есептейді? Жұбы жоқ қандай заттар қалды? Неліктен? Қорытынды жасалады: 7саны 5-тен көп, 5саны 7-ден аз.<br>Тәрбиеші ойыншықтар тобынан 4 текше мен 4 мәшинені таңдауды сұрайды. Балалар заттарды жұптастырады. Қорытынды шығарады: заттар саны бірдей (тең).<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма. Киіз үйдің жанында қанша қызғалдақ пен сарғалдақ өссе, жақтаудағы сонша қызғалдақпен сарғалдақты боя. Қызыл және сары қызғалдақтарды бір гүлшоқ етіп жина. Барлығы қанша болды? Нүктелермен көрсет.Цифрды қоршап сыз.Балалар алдымен әртүрлі қызғалдақтарды санайды, содан кейін олардың барлығын бірге санайды. Барлық қызғалдақ саны қанша болса, тіктөртбұрышқа сонша нүкте салады. Санды қоршап сызады.<br>2-тапсырма.Сана, тиісті цифрмен сызып қос. | суретпен сәйкестендір. Жаңа сөздерді буынға бөліп, буын санын анықта.<br>Оңға, оңға түзу тұр.<br>Алға қарай бір адым<br>Солға, солға түзу тұр<br>Жоғары-төмен қарайық.<br>Артқа қарай бір адым.<br>Орнымызды табайық<br>Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуын жасатады.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>Штрихта.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.<br>Тақырыбы:Тазалық пен ұқыптылық<br>Сылдырлайды сылдыр су,<br>Мөлдір суға қолың жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің,маңдайың<br>Балалар, денсаулықтарың мықты болу үшін суық сумен шынығудың пайдасы зор, өйткені ол сергітеді. Шынығудың ең жеңіл түрі – суға түсу. Таңертең ұйқыдан тұрғанда жуыну.<br>Қандай заттарды көріп тұрсыңдар.Ол заттар не үшін керек?Бүгін біз ақын Ермек Өтетілеуұлының тазалық туралы «Тазалық | алғыс айтып жүресіңдер?<br>Адам өз ісіне қанағаттанып, сүйсінген кезде ризашылық сезімге бөленеді.Адам өзінің өмірге келгеніне риза болады.Қолындағыға қанағат тұтудың өзі ризашылық. «Алғыспен ер көгерер» деген мақал бар. Ол үлкендердің, халықтың батасын алған адамның ойлағаны орындалады, бақытты болады деген мағынада. Рахмет айтуға лайықты кісілерді атайықшы.<br>Анаға – бізге өмір сыйлағаны үшін. Әкеге – бізге қорған болғаны үшін.<br>Досымызға – қамқорлығы мен адалдығы үшін.<br>Әжеге – ыстық алақаны мен мейірімі үшін алғыс айтып, ризашылық білдірудің өзі бір бақыт.«Сақина салу» ойыны Балалар жарты шеңбер болып отырады. Ойын бастаушы қусырған алақанын балалардың қолына тигізіп жүріп, біреуіне жүзікті салып кетеді. Жүзікті алған балаалақанын ашпай, ешкімге сездірмей отыра береді. Ойын бастаушы бірнеше қадам жерге барып, «Сақинам, ұш!» – дегенде, қолында жүзік бар бала атып тұрып, оның қасына жүгіріп барады. Екі жағындағы балалар оны ұстап қалуға тырысады.Ойын | қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>Тақырыбы:Ұл бала мен қыз баланың айтысы<br>Суретте ұл бала мен қыз баланың айтысып отырған сәті. Қолдарында домбыра.<br>Суретте балалар қалай киінген?Олардың қолдарында не бар?Халық ауыз әдебиетінің бір түрі – айтыс. Айтыс – табан астында сөз тауып айтылатын сөз сайысы. Бұл ата-бабамыздан келе жатқан дәстүр.Бүгін біз екі топқа бөлініп, ұлдар мен қыздардың айтысын тыңдаймыз. Бір-бірімізге демеу болып, қошеметтеп, көмектесіп отырамыз. Қыздар оң жақта, ұлдар сол жақта отырады.<br>Сөздік жұмысы: *дәстүр* – атадан балаға қалып, әдетке айналғанқұндылықтаржүйесі<br>*сәйгүлік* – тұлпар, арғымақ.<br>*қамшы* – салт атты адамға қажетті ат айдайтын құрал<br>Өлең мазмұны бойынша<br>*Сұрақ-жауап*.Ұл мен қыз не туралы айтысты?Олардың қолында не болды?Қыздар бұл күнге не дайындады?<br>Жігіттер қандай өнеркөрсетті?<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс. Суретке қара. Балалар не істеп отыр?Олар не туралы айтысты?Балалардың көңіл күйі қандай?Қуанышты баланы белгіле.Суретті бастырып |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрайды. Қандай фигуралар жұпсыз қалды? Неге? Фигуралардың астына цифры бар карточкаларды қойып,сұрайды. Қорытынды жаса:Қандай заттар көп?6 дөңгелек пен 6 сопақшаны жайып қой. Бір-біріне жұппен қосыңыз.<br>Қорытынды жасайды: жұпсыз бірде-бір фигура қалмады, яғни фигуралар саны бірдей немесе тең. Балалар бұл сөздерді қайталайды.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма.Әр ыдыстағы алмаларды сана. Цифрды қоршап сыз. Дөңгелектердің суретін аяқтап сал. Балалар барлық қызыл (үлкен-кіші) алмаларды санайды (үлкен-кіші), цифрды қоршайды, барлық қызыл алма санын шығарады. Қанша (үлкен-кіші) жасыл алмалар бар? Содан кейін сызбада жасыл және қызыл дөңгелектер салынады,алмаларды осылай белгілейді.<br>2-тапсырма.Алмаларды көрсетілген саны бойынша ыдыстарға әртүрлі етіп суретін сал.<br>3-тапсырма. Келесі фигура қандай? Суретін салып, оны боя.<br>«Сұрыптау» дидактикалық ойыны.Балалардан заттар дың жиынтығын топтарға | «Цифрлармен секір».Еденге 1-ден 10-ға дейін үлкен цифрлары бар кілемшелер жайылады. Балалар цифрлар үстімен секіреді, оларды ретімен тура және кері санайды. Мысалы, бірінші 1цифрына, содан кейін 2 цифрына және т.с.с. 10-ға жеткенше секіреді. Содан кейін олар 10 санынан кері секіре алады және 1-ге жеткенше сандар бойынша кері санауды айтады.<br>3-тапсырма.Заңдылығын тауып, боя.«Түйме және моншақпен жұмыс жасау» ойын жаттығуы.Балалар түймелерді/моншақтарды жіпке тізіп, әртүрлі үлгілер мен түс комбинацияларын жасайды.<br>«Біз жолменен жүреміз»ойын жаттығуы. Тәрбиешісаусақпен жол бойыменжүргізудісұрайды. Нүктені көрсетеді, бұл – қозғалыстың басталуы.<br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеттері: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыс тардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Тақырыбы:Қандай түстер?<br>Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақ тар – Сәуле мен Арман келеді. Амандасады. Өткен «Ертегі әлемі» тақырыпты қайталау. Ертегі кейіпкерлерін атау.<br>Тәрбиеші балалардан білетін түстерін сұрау. Балалар түстер ді атайды. Қима материалмен жұмыс. | пен ұқыптылық» өленін тыңдайық<br>Сөздік жұмысы:<br>*ұқыптылық* – жауапкер шілік, жинақылық<br>*тазалық* – жеке гигиена<br>Өлең мазмұны бойынша *сұрақ-жауап:*<br>Өлең авторы кім?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Тазалық үшін қандай заттар мен дос болу керек?<br>Жуынудың пайдасы қандай?<br>*Тазалық* сөзіне сөйлем құра.<br>***Дидактикалық ойын: «Қандай сурет жоғалған?»*** (баланың зейінін дамыту)<br>Шарты: тазалық заттарының суреттері берілген. Бала түсіп қалған суреттерді тауып,орнына қою керек. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Суретке қара. Қыз балаға сабын, сүлгі не үшін қажет?Бала не істеп жүр? Тазалыққа қажетті заттарды ата.Тазалыққа қажетті заттар ды белгіле.Есіңде сақта.<br>Тазалық – денсаулық кепілі.<br>**3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>Міндеттері:<br>Құрастыру: ұжыммен бірге жұмыс істеуді үйрету.<br>Сурет салу: Суреттібейнелеу де мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолдану.<br>Мүсіндеу: Заттардың ұзын және қысқа, жуан және | бастаушыға жете алмаған бала айыбын өнерімен өтейді.Үлестірмелі материал мен жұмысСуретке қара. Анаңа қалай көмектесесің? Әңгімеле.<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеттері: «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру<br>Тақырыбы: Заттар тобы.<br>Заттарды санау.Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма. Қашада 5 құлын бар. Қашаға тағы 2 құлын «кіргіз». Қанша құлын болды? Дөңгелектер сал.Тәрбиеші суретті қарастыруды, құлындарды санауды ұсынады. Тіктөртбұрыштың ішіне балалар жағдайды дөңгелектеп салады.<br>Саусақ гимнастикасы, «Үй жануарлары».<br>*Сиыр бұзауларымен бақытты,*<br>*Қой қошақанмен бақытты,*<br>*Мысық марғауларымен бақытты,*<br>*Ешкі лақтарыменбақытты.*<br>*Ал мен балаларымен бақыттымын!*<br>2-тапсырма.Құлынның жолын жалғастыр.Ұяшық тардың жолының қиылыс сызығында анықтамалық нүкте берілген, тапсырма торкөз ұяшықтарда | сыз. Боя.Жұмбақты шеш.<br>Бұралып қос құлағы,<br>Күмбірлегіп тұрады.<br>*(Домбыра)*<br>**3.Қоршаған әлеммен танысу**<br>Міндеттері: Адамның табиғат тың бір бөлігі екенін және оны қорғау,сақтау керек екенін,жауапкершілікті сезіне білу<br>Тақырыбы:Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелері<br>Интербелсенді тақтадан ертегі кейіпкері Малифисента көрсетіледі.«Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен орман перизаты Малифисентамын. Менің орманыма кішкентай балалар, ересек адамдар көп келеді, мен оған өте қуаныш тымын, өйткені балалар мен үлкен кісілер табиғатты тамашалап, менің орманым ның тұрғындарын көріп, табиғаттың әсемдігін сезінеді. Бірақ олар соңғы кезде өте дөрекі мінез-құлық көрсете бастады. Олар гүлдерді теріп, лақтырады,саңырауқұлақтар ды таптайды, қоқыс тастайды, құмырсқалардың илеулерін жойды, олар келгенде барлық құстарым орманнан ұшып кетті. Балалар табиғатқа көп зиянын тигізді, егер олар өздерін осылай алдағы уақыт та да ұстаса, бұл өте үлкен зиян. Өсімдіктер, жәндіктер, жануарлар мен құстармәңгілік ке жойылып кетуі мүмкін |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөлуді сұрайды, мысалы, балалар текшелерді (баска ойыншықтарды) түсі немесе өлшемі бойынша екі топқа бөледі. Содан кейін әр топтағы заттардың санын салыстырып, қай топта көп зат бар екенін анықтайды.<br>**3.Қоршаған әлеммен танысу**<br>Міндеттері: Себеп-салдар лық байланыстарды бақылау және түсіну<br>Тақырыбы:Қорғаныш рең<br>Проблемалық сұрақ. Жан-жануарлар жауынан қалай қорғанады?Олар әртүрлі айлалармен, өткір мүйіздер мен, тырнақтар мен тістері арқылы қорғанады, кейбіреуі дұшпандарын коркытатын уды денесінде өндіреді. Қорғаныш рең деген не екенін білесіңдер ме?Балалар, жануарлардың да адамдар сияқты түрлі түсті, әртүрлі ою-өрнекті «киімдері» бар. Неліктен жануарлардың түстері әртүрлі? Көптеген жануар лар жаулардан қорғану үшін ешқандай ерекше әрекет жасамайды. Табиғат оларға камқорлық жасап, жаулары нан қорғануға мүмкіндік беретін әртүрлі корғаныс құралдарын берді. Дәптер дегі кейіпкер – Саққұлақтың сұрақтарына жауап береді. Зерттеу жұмысына қатысып, | – Мынау – жапырақтар. Мынау жапырақтың түсі қандай?<br>–Жапырақтың түсі сары.<br>– Мынау жапырақтың түсі қандай?<br>–Жапырақтың түсі жасыл.<br>–Алманың түсі қандай?<br>–Алманың түсі қызыл.<br>– Мынау қарындаштың түсі қандай?<br>–Көк түсті.<br>– Топта қандай заттардың түсі көк? (Балалар атайды).<br>Жаңа сөздермен таныстыру.<br>Сәуле түрлі түсті қарындаш тарды көрсетіп, түстерді атайды.<br>Мынау – қоңыр түс, қо-ңыр.<br>Қандай түс?Қоңыр түс.<br>Мынау – қара түс, қара.<br>Қандай түс?Қара түс.<br>Мынау – күлгін түс, күлгін.<br>Қандай түс?Күлгін түс.<br>Мынау – көгілдір түс, кө-гіл-дір.<br>Қандай түс?Көгілдір түс.<br>Мынау – қызғылт түс, қызғылт.<br>Қандай түс?Қызғылт түс<br>Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.<br>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Ң- ң- ң –қо-ңыр.<br>Қ –қ- қ- қара.<br>Ү -ү -ү – күлгін<br>Ө -ө -ө –кө-гіл-дір.<br>Ғ- ғ-ғ- ғылт – қызғылт.<br>Ойын: «Осындай түсті затты тап».Тәрбиеші топтан қоңыр, күлгін, көгілдір, қызғылт және | жіңішке белгілерін көрсете білу<br>Жапсыру: Қайшы мен желімді дұрыс қолдану<br>Тақырыбы:Зымыран<br>Жұмбақ жасырады. Ұшады қанатсыз, Зырлайды аяқсыз. Бұл не? (Зымыран)<br>Зымырандардың түрлерін көрсетіп, әңгімелейді.<br>Балалар, кімнің ғарышкер болғысы келеді?<br>– Біз бүгін зымыран жасап үйренейік. Тәрбиеші үлестірмелі материалдың самсаған жұлдыздардың арасында ұшып бара жатқан зымыранға көңілдерін аударады. Бөліктері қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды? Жапсыру тәсілдерін түсіндіру.<br>Алдымен зымыранның бөліктерін қиып аламыз:<br>дайын үлгілерді қиып тіктөртбұрышты (корпусын) және үшбұрышты (тұмсығын)дайындаймыз;<br>шаршыны үшбұрышты етіп қию әдісімен қанаттарын қиып аламыз;<br>-астыңғы бөліктерін түтін мен отты дайын үлгіні қиып аламыз; - шаршы шеттерін қию арқылы дөңгелек пішінді терезені қиып аламыз.<br>Енді дайын зымыранның бөліктерін жапсырамыз.<br>Ойын «Ұшақтар». | орындалады. Нүкте-ұяшықтан басталмайды, ұяшықтар жолының қиылысында орналасады. Ұяшықтың дұрыс бағытын сана.Балалар шатаспау үшін нүктелер қоя алады.<br>Цифрлармен секір».Еденге 1-ден 10-ға дейін үлкен цифрлары бар кілемшелер жайылады. Балалар цифрлар дын үстімен секіреді, олар ды ретімен тура және кері санайды. Мысалы, бірінші 1цифрына, содан кейін 2 цифрына және т.с.с. 10-ға жеткенше секіреді. Содан кейін олар 10 санынан кері секіре алады және 1-ге жеткенше сандар бойынша кері санауды айтады.<br>3-тапсырма.Суреттерді бірдей етіп аяқтап сал. Боя.<br>«Жануарлардың жіктелуі» дидактикалық ойыны.<br>Балаларға үй жануарлары ның, құстардың, балықтар дың суреттері таратылады. Балалар суреттерді тиісті топтарға бөледі. Содан кейін жануарларды санайды, цифры бар карточканы көрсетіп, тұсына қояды. Салыстыру жасайды, қайта санайдынемесе бір-бірімен жұптастырады. Қорытынды шығарады: көп, аз, бірдей (тең).Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма. Қашада 9 қозы бар. Олардың үшеуін | екенін хабарлаймын. Егер осылай жалғаса берсе,адамдар ешқашан орман, тауларға, өзендер мен көлдерге бара алмайтындай етіп мен сиқыр лы қорған тұрғызамын. Маған орманды сақтауға көмектесу леріңді сұраймын»Балалар, Малифисента өте үрейліхабар лама жіберіпті. Мұның бәрі кейбір балалардың, тіпті ересектердің де табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін білмеуінен болады.Балалар, Малифисента үлкен, сиқырлы қорған тұрғызса, адамдар қалай өмір сүреді? Ол қорған тұрғызбас үшін не істеуіміз керек? Барлық адам табиғатта ұстау ережелерін үйренбесе, Малифисента қорған тұрғыза тыны жайлы әлеуметтік желілер арқылы хабарлама таратайық. Малифисентамен хабарласып, табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін үйреніп, адамдар бұдан былай табиғат та ереже бұзбайтыны туралы айтайық. Тәрбиеші қоңырау шалады, интербелсенді тақтадан қайтадан Малифи сента бейнесі көрінеді.<br>Құрметті орман перизаты – Малифисента! Біздің балалар орманды сақтауға көмектесу керек деп шешті. Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін үйреніп, адамдар бұдан былай табиғатта ереже бұзбайтыны жайлы әлеуметтік желілер |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарларға қорғаныш реңін сактау үшін қандай жағдайлар қажеттігін анык тайды.Жануарлардың қандай ерекшеқорғаныстары бар? Тікенді инелер, мүйіз, у, түстері, жүйрік аяқтары, тырнактар мен тістер т.б.<br>1-сурет. Жануарлардың корғаныш түсі бар,сондык тан бұл жануарларды жейтін жыртқыштар оларды көре алмайды, кейбір жануар ларда түс ескерту белгісі ретінде әрекет етеді. Олар түсін өзгертеді, мысалы, сұр түсті коян кыста ақ жүнімен кар үстінде байқалмайды. Яғни бұл – қорғаныш рең.<br>2-сурет. «Орманды, қалың ағаштарды елестетіңдер, олардың арасынан сап-сары көздер бізге қарап тұр! Бұл ағаш түсіне тамаша бейімделген қарапайым үкі. Үкі – түнгі жыртқыш құс. Жыртқыш қандай жануар лар?Үкі тышқан,егеукұй рық, жәндіктер және кірпілермен қоректенеді.<br>3-сурет. Мынау – хамелеон. Ол – кесіртке. Оның терісі нің қабаттарында түсін өзгертуге мүмкіндік беретін бояғыштар бар. Хамелеон ның түсінің өзгеруі бүкіл денесінде де, оның жеке бөліктерінде де болуы мүмкін, яғни оның денесінің бір бөлігі бір түс, екінші | қара түсті заттарды табуды сұрайды. Балалар заттарды тауып, олардың түстерін атайды, сөйлем құрайды. Мысалы: Мынау – аю. Оның түсі коңыр. Мынау – текше. Оның түсі күлгін.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Кемпірқосақтың түстерін ата.<br>Шарларды боя.<br>Дидактикалык ойын:<br>«Аудармашы». Тәрбиеші түстерді қазақ тілінде атайды, балалар орыстіліне аударады.<br>коныр – коричневый кара – черный күлгін – фиолетовый<br>көгілдір – голубой<br>кызғылт – оранжевый<br>**4.Музыка**<br>Міндеттері: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыс тыра білуді қалыптастыру<br>Тақырыбы:Ғарыш әлеміне саяхат<br>Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аякпен келесі аякка секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), кимылдар жасайды.<br>Негізгі кезең<br>*Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Көңілді би»<br>(И. Штраус). Балалармен би кимылдарын көңілді, жеңіл, ойнакы билеу.<br>*Музыка тыңдау:* «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров). | Балалар – ұшақтар. Тәрбиеші«Ұшактар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар кона бастады!» дегенде барлык бала өз орындарына келіп кона бастайды.<br>Балалар шығармашылығы.<br>**4.Дене тәрбиесі**<br>Міндеттері: косалкы қадаммен алға қарай жүру.<br>Тақырыбы:Секіртпе-супертренажер.<br>Баскетбол элементтері.<br>Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лактыру.<br>Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттыктыру.<br>Секіртпені неге«супер тренажер» деп атайды, неге онымен кез келген спортшы жаттығады екен, соны анықтап алу.Секіртпеден аттап жүріп келе жатып, қолға арналған жаттығулар орындау. Секіртпеден аттап жүріп келе жатып, қолға арналған жаттығуларды орындайды. Аяктарын 90□ көтеріп, алдымен аяқ басымен басып, сосын толық табанға басады. Біркелкі, бір ырғақпен, қолдарын еркін ұстап, дұрыс тыныс алуға тырысады.(4 баладан қатарға тұрып орындау).Жұптық секіртпе мен орындалатын негізгі жаттығулар.Өз қимылдарын | «шығар». Қашада нешекозы калды? Дөңгелектер сал.<br>Балалар жағдайды дөңгелек тердің көмегімен модель дейді. Олар алдымен 3 дөңгелек салады (козылар тобын тұтас жиынтыктан ажыратады), содан кейін қалғаны – 6.<br>«Үй құстары» (Басбармағы мен кішкентай саусағынан бастап қалғандарына кезек-кезек тигізеді.) Әр ананың балалары әдемі, жақсы! (Саусақтарды ойнау аркылы көрсетеді.)<br>2-тапсырма.Фигураларды жаңа орындарға ауыстыр.<br>Фигура ұяшықтаорналасқан, ұяшықтың дұрыс бағытын сана, балалар шатаспау үшін нүктелер қояды.<br>3-тапсырма. Дөңгелектерді екі қорапқа әртүрлі етіп орналастыр. Суретін сал.<br>Балалар әртүрлі нұсқаларды іздейді және дөңгелектерді екі қорапка бөліп салады.<br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеттері: Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.<br>Тақырыбы:Біз мектепке барамыз<br>Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. | аркылы хабарлама таратайық деп шештік.Бізге Желаяк көмектесетін болады. Онда менің сендерге бірнеше тапсырмам бар, соларды дұрыс орындасаңдар, корған тұрғызбауым мүмкін.<br>Малифисентаның<br>1-тапсырмасы: «Бұлақ көрсең, көзін аш». Меніңсылдырлаған бұлағыма балалар қоқыс шашып тастап кетіпті. Бұлақ көзі бітеліп қалды, соны таза лап, қоқыстарды сорттап, өз себеттеріне жинаңдар.Балалар коқыстарды сорттап, қағаз калдыктарын қағаз белгісі бар қорапқа, табиғи заттар-жапырақ, шырша бүрі, емен жаңғактарын, бұталарды жапырақ суреті бар қорапқа, пластик заттарды шөлмек суреті бар қорапка жинайды. Тәрбиешібалаларға орман перизаты беріп жіберген жұлдызшаларды таратады.<br>Малифисентаның 2-тапсырмасы: «Орман адамға не береді?»Саңырауқұлақтар, жидектер, жаңғақтар, дәрілік шөптер- лалагүлі, итмұрын, шетен ағашы, қайың ағашы суреттері бөліктерін құрас тырады. Малифисентаның 3-тапсырмасы: «Сөйлемді аяқта»ойыны(Кері байланыс тізбегін жаса)<br>–Жарайсыңдар, балалар, орман, тоғай, гүлді алкаптарға қыдыруға барғанда табиғатта |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөлігі басқа түсті көрсетуі мүмкін. Сол хамелеонның түсін қалай өзгертетінін, бақыландар. Хамелеон ағаш бұтақтарында бірнеше сағат бойы олжасын күте алады. Оның көздері бір мезетте, әртүрлі бағытқа қарай алады, мысалы, бір көзі төмен қараса, екінші көзі жоғары қарайды. Хамелеон қандай да бір жәндікті көре салысымен, ұзын, жабысқақ тілін лақтырып, оны ұстап алады.<br>4-сурет. Тақтадан Африка дағы саванна көрсетіледі.<br>Керіктің қорғаныш реңі – ала, теңбіл дақ түсі. Керіктің алдыңғы ұзын аяқтары өте жылдам, тіпті арыстан оны қуып жете алмайды.Керіктің өте өткір тұяқтары бар, олар дың көмегімен ол өзін жау лардан қорғайды.<br>Қолтырауын – Жер шарын дағы ең қорқынышты жыртқыштың бірі, сонымен қатар ол өзінің реңін ұзақ уақыт бойы олжасын күту үшін пайдаланады. Өзі бөренеге ұқсайды.<br>Қолтырауын өзін су бетінде қалқып келе жатқан бөрене сияқты жасырады.<br>5-сурет. Мүйізтұмсық – ірі шөпқоректі жануар. Ол Африка мен Азияны мекен дейді. Олар жауларынан тұмсығына орналасқан | Әннің мәтінін орындап болған соң, балалармен әңгіме жүргізу. Балаларға 12 сәуір – Ғарышкерлер күні екенін айтып, интерактивті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлермен таныстыру.<br>Ғарышкерлердің суреттерін көрсету.Ғарыш аймағы орналасқан Байқоңыр қаласы туралы атап өту.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>*Ән айту:* «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов). Тәрбиеші әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.<br>Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Жылдам екпіні мен ырғағына мән беру, секірмелі фа-си, соль-до дыбыстарын таза айтуға көңіл бөлу.<br>Үйренген «Қайырлы таң» әнін (Е. Өміров) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>*Билер:* Балаларға белгілі бір әуенді орындап, сол әуенге лайық ойдан би қимылдарын жасату. Өз беттерінше би билеуге мүмкіндік беру.<br>*Ойын:* «Қанша дыбыс» ойыны («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Балалардың есту қабілетіне арналған ойынды балаларға жеткізе білу. | басқа балалардың әрекет терімен үйлестіріп жүруге тырысады.Секірулер: ілгері жылжи отырып, бір аяқпен секіртпеден айналып секіру. Аяғының басымен итеріліп секіру. Бірінің артынан бірі секіртпені айналып, бір аяқпен секіріп жүру. Секіртпені басып кетпеуге, оған жақын жүруге, белгі бойынша секіртпені тез ала қоюға тырысады.50 см, 40 см, 30 см биіктікке көтеріліп тартылған секіртпенің астынан өту.Нұсқау –денені барынша жинақтап, жұмыр лану, секіртпені іліп кетпеу ге, қолымен жерге таянып қоймауға тырысу.<br>Секіртпенің астынан өту тәсілін оның керілу биік тігіне қарай таңдап, тиімді жол қолданады. Денені барынша жинақтап, жұмыр ланып, секіртпені іліп кетпеуге, қолымен жерге таянып қоймауғатырысады.<br>Балаларға қалауынша топтарға бөлініп алып, еденге геометриялық фигуралар, ұзын жол құрастыру ұсынылады. | Сәлеметсіздер ме?!<br>Суреттер бойынша өткен «Қандай түстер?» тақырып ты қайталау.Балалар сурет тегі заттарды және олардың түстерінің қандай екенін атайды.Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.Тәрбиеші балаларға мектеп жайлы және балалардың жақында мектеп табалдырығын аттайтындарын айтып, әңгіме жүргізеді. Мектепте балаларды оқытатынадамды мұғалім деп айтатынын айтады. Мектеп туралы бейнематериалды көрсетеді.<br>Жаңа сөздермен таныстыру.<br>Балалар мектепке келді.<br>Балалар қайда келді?<br>Балалар мектепке келді.<br>Мынау – мектеп. Мек-теп.<br>Мынау не?Мынау – мектеп.<br>Мектепте оқиды, білім алады. Мектепте не істейді?<br>Мектепте оқиды, білім алады.Мынау – оқушы.<br>Мынау кім?Мынау – оқушылар. Мынау кімдер?<br>Мынау – мұғалім. Мынау кім?Мұғалім.Мынау сынып.<br>Сы-нып.Мынау не?<br>Мектепте сынып бар.<br>Мектепте не бар?Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен . қайталап, дұрыс айтып жаттығады. | өзін ұстау ережелерін естері мізге сақтасақ, орман перизаты бізге риза болады, қорған тұрғызбайды.<br>Малифисентаның 4-тапсырмасы: «Орманперизаты ның кеңестері» слайдтары.<br>Орман, тоғай, гүлдіалқаптарға қыдыруға барғанда, тек жалғыз аяқ не арнайы жолдар мен жүруге тырыс. Өйткені шөптердің арасында көзге көрінбейтін ұсақ жәндіктер болады, оларды байқамай басып кетуің мүмкін.Табиғат та қатты дауыс шығарма, шулама, қатты дауыс орман тұрғындарын қорқытады,олар өздерінің тұрағын тастап кетеді. Гүлдерді жұлма,жұлын ған гүлдер тез құрайды, олар тұқым бермейді. Тұқым болмаса, жаңа өсімдіктер өспейді. Көбелектерді аулама. Олар өсімдіктерді тозаңдан дырады, қанаттарындағы қабыршықтарына зақым келсе, ұша алмай қалады, сөйтіп тез өледі. Құмырсқа илеуін бұзба, олар – орман санитарлары. Олар зиянды жәндіктерден орманды қорғай ды. Құс ұясын бұзба. Егер құс ұясынкөрсең, ол жерден ақырын кетіп қалуға тырыс, кейде құстар қорқып қалған болса, ұясын тастап кетеді. Өрмекші торын бұзба, өрмекші маса, шыбындарды құртады. Орманға барғанда |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүйіздерімен қорғанады.<br>6-сурет. Түйеқұс пен ала құлан артқы аяқтарымен жауларынан қорғанады.<br>7-сурет. Жәндіктердің қорғануы: ызылдақ қара шыбын қауіпті сезген кезде, кенеттен түрленіп, үсті түкті болып, кәдімгі арадан аумай торсиып шыға келеді. Құс оны ара екен деп жоламай ды. Ызылдақ қарашыбын ның бұл қасиеті қорғаныш рең деп аталады. Ал қанқыз дың бейімділігі – сақтандыр ғыш рең деп аталады.<br>Қанқыз өзі қып-қызыл. Бірақ ол жауынан жасырын байды. Себебі қанқыздың денесінде тиген кезде күйдіретін сұйық затболады. Ол оны қауіп төнген кезде ғана шығарады. Аузын күй діргендіктен құстар қан қыздан аулақ жүреді екен. Міне, осылайша жәндіктер өз жауларынан қорғанады.<br>Ойын: «Баспалдақ».<br>Үлестірмеліматериалдармен жұмыс. Саққұлақтың пайымдауы: Көптеген жануарлардың қорғаныш рені болады. Олар осы қорға ныш рені арқылы жаулары нан жасырынады.Жұмбақ суреттердің ішінен жануар ларды тап. Боя.Саққұлакқа әр жануардың қорғаныш рені неге ұқсайтынын дәлелдеп түсіндір.Суреттегі | Ойналып отырған дыбыстың нешеу екенін анықтау.<br>*Музыкалық аспапта ойнау:* «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко).<br>«Тамшы» деген сөздің мағына сын түсіндіріп, тамшылар қай кезде таматынын, қайдан пайда болатынын түсіндіріп, музыка да сол дыбысты келтіру.<br>Тәрбиеші шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. | | Мектепте сыныптар бар. Мектепте нелер бар?<br>Мектепте сыныптар бар. Сыныпта орындықтар бар.<br>Сыныпта нелер бар? (Үстел, тақта, терезе сөздерін жекеше, көпше айтады).<br>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).<br>Қ-қ-қ-қ- оқушы – оқушы.<br>І-і-і-і- білім – білім.<br>Ғ-ғ-ғ-ғ – мұғалім – мұғалім.<br>Жаңылтпашпен таныстыру.<br>Ойын «Сөз ойла, тез ойла».<br>Тәрбиеші кез келген сөздің бірінші буынын айтады, балалар жалғастырады, мысалы мұ...,мек... т.с.с.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>1. Заттарды ата. Олар қайда болады? Сызықпен сәйкес тендір. Сөйлем құра.<br>Сыныпта ақ бор бар,<br>Көк бор бар,<br>Көп бор бар.<br>**4.Музыка**<br>Міндеттері: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br>Тақырыбы:Ғарыш әлеміне саяхат.<br>Лирикалық вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау,шығармаларды | от жақпа, от жағылған жерге 5 жыл шөп өспейтінін біліп жүр.Малифисентаның 5-тапсырмасы: «Табиғаттағы тыйым белгілері». Менің кенестерім бойынша тыйым белгілерінің суреттерін сал. Балалар арнайы дайындалған қатты қағаздарға суреттер салады, оларды педагогтің көмегімен таяқшаларға орна тады, тәрбиешіоларды фотоға түсіреді, әлеуметтік желілерге салады. Музыка ойналып , «Көбелек» ұшып кіреді, балалармен билейді.<br>«Көбелек»:Балалар мен орман нан ұшып келдім, мені сендер ге орман перизаты жіберді, тапсырмаларды дұрыс орын дағандарың үшін риза болды, қолымдағы себетте қағаздан қиылған менің достарым – көбелектер бар, оларды терезе нің алдына қойсандар, көктем де тіріледі. Балалар, онда біз көбелектен өзіміз жасаған тыйым белгілерін беріп жіберейік.«Көбелек» қуанып, шыр айналады:Алақай,алақай, біз оларды табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін келген келу шілердің естеріне түсіру үшін, орманның әр жеріне қадап қоямыз. Балалардың жасаған тыйым белгілері. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Құмырсқа илеуіне қарай асығып келе жатыр. Бірақ оны жолда бірнеше бұзақы |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарлардың қорғанатын құралдарын тап. Сызықпен қос. Әңгімеле.<br>**4.Дене тәрбиесі**<br>Міндеттері: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру<br>Тақырыбы:Спортпен шұғылданамыз<br>«Жаттығуды бастадық – бұл бір! Алшақ – алшак басайық – бұл екі! Токтама сен, кідірме – бұл үш!<br>Күн күлімдеп тұр көкте! Тамаша!Үлкен боламын, күшті болам, ер болам! Тамаша!»Мәтін бойынша қимылдар жасайды.<br>Негізгі кезең.Бірден-екіден тізбекке тұру. Қозғалыс кезінде қайта сап құру. Арақашықтықты сақтауға тырысады.Ырғакты гимнас тика. Зейінін шоғырлан дырып, қимылдарды ырғак ты орындап, бірқалыпты тыныс алуға тырысады.<br>Негізгі жаттығуларды ойын түрінде орындау.Оң қол, сол қолмен лактыру.қолдарын алдымен төмен қарай айнал дырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеплактыру. Алысқа лактыру техникасын қайталайды. Белгіленген сызықтың қасына екі лекке сап түзейді. Бастапқы калып қа келеді: үш саусағын доп тың артына, басбармағы мен шынашағын доптың екі | | | сипаттай білу.<br>*Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Көңілді би»<br>(И. Штраус). Балалармен би кимылдарын көңілді, жеңіл, ойнақы билеу.<br>*Музыка тыңдау:* «Айды әперші, апатай»<br>(Е. Өміров).Әннің мәтінін орындап болған соң, балаларменәңгіме жүргізу.<br>Балаларға12сәуірҒарышкер лер күні екенін айтып, интер активті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап,ғарыш керлермен таныстыру.<br>Ғарышкерлердің суреттерін көрсету.Ғарыш аймағы орналасқан Байқоңыр қаласы туралы атап өту.Ән айтар алдында дауыс жатты ғуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>*Ән айту:* «Ғарышкер боламыз»<br>Ш.Мұхамеджанов. Әнді бір мезгілде бастау және аяктау, әуенді дұрыс бере білу.<br>Жылдам екпіні мен ырғағы на мән беру, секірмелі фа-си, соль-до дыбыстарын таза айтуға көңіл бөлу.<br>Үйренген «Қайырлы таң» әнін (Е. Өміров) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>*Билер:* Балаларға белгілі бір әуенді орындап, сол әуенге лайық ойдан би | күтіп тұр. Желаякпен бірге құмырсқаны илеуіне жеткіз. Табиғатта өзін дұрыс ұстау ережесін бұзған балалардың суреттерін белгілеп көрсет.<br>**4.Дене тәрбиесі**<br>Міндеттері: Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру,<br>Тақырыбы:Аңшы боламыз. Спорттық ойындар элемент терін үйрету.Ежелгі адам мен қазіргі адамның өміріндегі аңшылық пен аңшылық орны туралы әңгімелеу. Ежелгі аңшыларға айналып ойнау ұсынылады.Қолға арналған жаттығуларды орындап, жүріп келе жатып белгі бойын ша тоқтау; белгі бойынша жүгіру бағытын өзгерту.<br>Қозғалыс жаттығуы:<br>«Аңшылар із кеседі» – еңбек теуді жүру және жүгірумен кезектестіру.Даланы аралап, аңдарды іздеп, із кесуші аңшылардың қимыл әрекет терін келтіріп қозғалады.<br>Әртүрлі қимылдарды кезек тестіріп орындайды.Бірқалып ты тыныс алуға тырысады. Үш-үштен тізбекке тұру.<br>Таяқшалармен жалпы дамыту жаттығуларын орындау. Қатарлар арасындағы ара қашықтықты сақтаулары шарт.Қыска таякшаларын (найзаларын) қолдарына алып, түзету жаттығуларын орындайды.Негізгі қимылдар ды орындау.Жаттығулар ойын |

Сканировано с CamScanner

•

•

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағына қояды. Допты мейлінше алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің белгісімен ғана доптың артынан жүгіреді. Қайтып келіп балалар қатарының соңынан тұра қалады. Тереңдікке секіру – биіктігі 30 см заттардан секіріп түсу – аяқты түзулей бастағанда бірден қолдарын төмен түсіріп, алдыға шығару. Ұзын орындықтың бетінен екпінмен екі аяқтап итеріледі. Қолдары мен аяқтарының қимылдарын үйлестіреді. «Орындарыңмен ауысыңдар» қозғалыс ойындары.Залды екіге бөлетіндей етіп, ортаға арқан төселіп салынады. Әр команда залдың бір бөлігіне орналасады.«Жүгір!» деп белгі берілгенде, балалар өз бөлігінде шашырап жүгіреді.«Ауысамыз!» деп белгі берілгенде, екі топ ауысады. Қай топ бірінші болып толық ауысып үлгереді, сол топ жеңіске жетеді.Дыбыстарды айту арқылы тыныс алу жаттығуларын орындау. «А» дыбысы. Өкпе, кеңірдек, көмейдің жұмысын жақсартады. Дыбыстау нәтижесінде тыныс алу тереңдеп, оттегін қабылдау ұлғаяды.Тыныс | | | қимылдарын жасату. Өз беттерінше би билеуге мүмкіндік беру. *Ойын:* «Қанша дыбыс» ойыны («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Балалардың есту қабілетіне арналған ойынды балаларға жеткізе білу. Ойналып отырған дыбыстың нешеу екенін анықтау. *Музыкалық аспапта ойнау:* «Тамшылар» румын халық әні | түрінде орындалады. Үш тізбекке сап түзеп тұру.«Ең епті аңшы кім екен?» (4 рет). Аяқтарын саннан 90°-қа жоғары көтеріп таяқшалардан тепе-теңдікті сақтап жүріп өтеді.Таяқшалардан жол салып келесіжаттығуларды жасауға дайындалады. Бір қатарға қойылған таяқтар дың арасымен жүру.Біріншіде таяқшалардан аяқты жоғары көтеріп аттап өтеді. Қолдарын белге қояды. Екіншіде көзді жұмып өтіп көреді.Таяқшалар ды баспауға тырысады.Таяқ шаларды оңынан-солынан айналып жүгіріп өтеді. Таяқ шаларды баспай, бірақ жақын жүгіруге тырысады.Биіктікке секіру (4 рет). Баланың қолын созғандағыдан 25 см биіктікке ілінген таспаны жүгіріп келіп секіріп алу. Аяқпен итерілу күші мен қолдың сермей қозға луын түзету.Жүгіріп келіп екі аяқпен жоғары секіреді – аяқ пен қажет жерден итеріледі: алыс та емес, лентаның дәл түбінен де емес.Орындаған соң өз орындарына келіп тұрады.Арқан ның астынан әртүрлі тәсілдермен өту. Өту тәсіліне қарай аяқ қолын жинап ұстау.Керіп тартылған арқанның астынан өтеді. Арқанды басымен іліп кетпеу үшін еңкеюге тырысады. Арқанның астынан өткен соң құрсаудан-құрсауға айна лып |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алғанда шығарылатын ауаны ұлғайту үшін дауысты дыбыстарды мүмкіндігенше созу қажет. Мысалы: жіп тарқатылғанша созу. «М» дыбысы. Дыбысталуы ми тамыр ларына оңтайлы әсер етеді. Психоэмоционалды күйзелістен шығарып, есте сақтау мен тыныштық сезімдерін жақсартады. | | | | өтіп, жүгіріп өз орнына келіп тұра калады.Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қаскырға какпан» Шенберде кол ұстасып тұрады.Бұл аңшылардың кақпанын құруы.Белгі бойын ша«аңшылар» колдарын көте реді, «қасқырлар» әртүрлі бағытта еңбектеп жүреді. «Аңшылар»: «Кәне, кәне, халайық, Қасқыр какпан құрайық. Кәне, какпан берік бол, Қаскыр, қасқыр, келіп көр!» деген такпакты хормен айтып, колдарын түсіреді. Қақпан ішінде калып калған «қасқырлар» ойыннан шығады. |
| Серуенге дайындық | Өз бетінше киіну және шешіну қабілетін белгілі бір ретпен бекіту, заттарды шкафқа дұрыс орналастыру және ұқыпты бүктеу, әр түрлі бекіткіштерді қолдану кабілетін бекіту. Бекіткішті бекітеміз Сенің киімінде: Түймелер мен қалталар, Әр түрлі тойтармалар. (Сөйлеуді дамыту) | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру | Таза ауада мінез-құлық ережелерін кайталау | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту; мотивация |
| Серуен | Көктемгі күнді бақылау Мақсаты: балаларға ерте көктем туралы алғашқы түсінік беру; табиғаттағы көктемгі алғашқы өзгеріс – шуакты күн туралы түсінік калыптастыру. Еңбек қызметі: учаскедебұтақ жинау. | Бұлтты бақылау Мақсаты: жансыз табиғат құбылыстары туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі «Құлын» кимылды ойын Мақсаты: балаларды бір-бірден бірге кимылдауға, кимылды үйлестіруге үйрету | «Жыл құстарымен танысу» бақылау Мақсаты: балалардың қыстайтын және қоныс аударатын құстар туралы түсінігін кеңейту. Көркемсөз Қараторғай келді - Біздің өлкеге. | Желді бақылау Мақсаты: ауа райының өзгеруі туралы ойларын бекітуді жалғастыру; жел, оның қасиеті туралы түсінік қалыптастыру; желдің бағытын анықтауға үйрету. Еңбек қызметі Қимылды ойын: «Желден де | Ауа райын бақылау Мақсаты: табиғаттың маусымдық өзгерісі туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: учаскедебұтақ жинау, ағаш-бұтабұтағын кесу және байлау. «Құстың ұшуы» қимылды ойын |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Үйсіз қоян» қимылды ойын Мақсаты: ойын ережесін сақтай білуді қалыптастыру; дербестікке тәрбиелеу. «Ормандағы аюда» қимылды ойын Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша жылдам қозғалуға үйрету; дыбысты айтуға жаттықтыру. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу) | «Сұр қоян отыр» қимылды ойын Мақсаты: ептілікті, жылдамдықты арттыру (сигнал бойынша жүгіру). Аулада балалардың дербес дене белсенділігі. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу) | Торғайлар шалшықта Су ішеді, Үйшігіне тасиды Тұмсығымен шөпті. Г.Ладонщиков Еңбек қызметі «Аю мен ара» қимылды ойын Мақсаты: дене белсенділігін дамыту. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу) | жылдам», «Кім биік?». Мақсаты: жүгіру жылдамдығын дамыту; оңай секіруді үйрену. «Тауыққорадағы түлкі» қимылды ойын Мақсаты: кеңістікте бағдарлауға үйретуді жалғастыру; бір-біріне соқтығыспау қабілетін дамыту. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу) | Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша қимылды жылдам орындауға үйрету. «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: балаларды бір-біріне соқтығыспай, жан-жақты жүгіруге, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету. (Дене тәрбиесі + сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу) |
| Серуеннен оралу | Киімді реттілікпен шешу, шкафқа салу, қолды жуу. Белгілі бір реттілікпен өз бетінше киіну және шешіну, өз заттарын шкафқа дұрыс орналастыру дағдысын жетілдіру. Жуыну кезінде тақпақ айту «Тазалап жу, суды аяма. Алақандар қардай аппақ болсын» (Сөйлеуді дамыту + Қоршаған әлеммен танысу ) | Серуеннен алған әсерімен бөлісу. Лас қолдар, денсаулық туралы әңгіме Үнемді тұтыну Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау | Шешіну алгоритмін бекіту. Үнемді тұтыну Балабақша аумағы туралы әңгіме. Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау | Ретімен шешіну. Тәжірибе нәтижелері туралы сөйлесу Үнемді тұтыну Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау | Серуендеу туралы эмоционалды жауап (Не есте қалды?) Бақылау күнтізбесінде ауа райының жағдайын анықтау |
